ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ
ӘКІМДІГІ

АКИМАТ
КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

ҚАУЛЫ **ПОСТАНОВЛЕНИЕ**

«24» тамыз 2023 ж./г. № 145

Қызылорда қаласы город Кызылорда

Халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі өңірлік комиссияның кейбір мәселелері туралы

«Қазақстан Республикасының Әлеуметтік Кодексі» Қазақстан Республикасы Кодексінің 18-бабының 8) тармақшасына, 21-баптың 1-тармағына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына және «Еңбек мобильділігі орталығының үлгілік жарғысын, мансап орталығының үлгілік ережесін, халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі өңірлік комиссия туралы үлгілік ережені, халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі аудандық (қалалық) комиссия туралы үлгілік ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 28 шілдедегі № 322 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33211 болып тіркелген) сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі өңірлік комиссия құрылсын.
2. Осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі өңірлік комиссия туралы ереже бекітілсін.
3. «Халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі өңірлік комиссияның кейбір мәселелері туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2023 жылғы 10 мамырдағы № 76 қаулысы жойылсын.
4. «Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі өңірлік комиссияның жұмысшы органы болып белгіленсін.
5. «Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары М.З. Шермағанбетке жүктелсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қызылорда облысының әкімі **Н. Нәлібаев**

Қызылорда облысы әкімдігінің
2023 жылғы «24» тамыз №145 қаулысына
1-қосымша

Халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі өңірлік комиссияның құрамы
(бұдан әрі - Өңірлік комиссия)

Қызылорда облысы әкімінің жұмыспен қамту саласына жетекшілік ететін орынбасары (немесе міндетін атқарушы), Өңірлік комиссияның төрағасы;

«Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы (немесе міндетін атқарушы), Өңірлік комиссия төрағасының орынбасары;

«Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің халықты жұмыспен қамту бөлімінің басшысы (немесе міндетін атқарушы), Өңірлік комиссияның хатшысы;

Өңірлік комиссияның мүшелері:

«Қызылорда облысының экономика және қаржы басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы (немесе міндетін атқарушы);

«Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы (немесе міндетін атқарушы);

«Қызылорда облысының білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы (немесе міндетін атқарушы);

«Қызылорда облысының кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы (немесе міндетін атқарушы);

Қызылорда облыстық мәслихатының экономика, әлеуметтік және құқықтық мәселелер бойынша депутаты (келісім бойынша);

Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасының директоры (немесе міндетін атқарушы), (келісім бойынша);

«Қызылорда облысының кәсіподақтар орталығы» аумақтық кәсіподақтар бірлестігі төрағасының орынбасары (келісім бойынша);

Арал ауданы әкімінің жұмыспен қамту саласына жетекшілік ететін орынбасары;

Қазалы ауданы әкімінің жұмыспен қамту саласына жетекшілік ететін орынбасары;

Қармақшы ауданы әкімінің жұмыспен қамту саласына жетекшілік ететін орынбасары;

Жалағаш ауданы әкімінің жұмыспен қамту саласына жетекшілік ететін орынбасары;

Сырдария ауданы әкімінің жұмыспен қамту саласына жетекшілік ететін орынбасары;

Шиелі ауданы әкімінің жұмыспен қамту саласына жетекшілік ететін орынбасары;

Жаңақорған ауданы әкімінің жұмыспен қамту саласына жетекшілік ететін орынбасары;

Қызылорда қаласы әкімінің жұмыспен қамту саласына жетекшілік ететін орынбасары.

Қызылорда облысы әкімдігінің
2023 жылғы «24» наурыз № 145 қаулысына
2-қосымша

Халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі өңірлік комиссия туралы
ереже

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі өңірлік комиссияны (бұдан әрі - Өңірлік комиссия) Қызылорда облысының аумағында жергілікті атқарушы органдар құрады.

2. Өңірлік комиссия қызметінің мақсаты Қызылорда облысының аумағында халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларын тиімді іске асыруды қамтамасыз ету және оларды жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

3. Өңірлік комиссия Қызылорда облысы әкімдігінің қаулысымен құрылады.

2-тарау. Өңірлік комиссияның негізгі міндеттері мен функциялары

4. Өңірлік комиссияның негізгі міндеті Қызылорда облысы аумағында орналасқан мемлекеттік органдардың және басқа да ұйымдардың халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларын іске асыру, өңірлік жұмыспен қамту картасы және әлеуметтік көмек мәселелері бойынша қызметін үйлестіру болып табылады.

5. Өңірлік комиссияның функцияларына мыналар кіреді:

1) қаржыландыру лимиттерін белгілеу және қаражатты бөлу жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

2) білім беру бағдарламаларының талаптарына сәйкес білім беру процесіне арналған шығыстарды негізге ала отырып, білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органдардың және өңірлік кәсіпкерлер палатасының ұсынуы бойынша білім беру ұйымдарында кәсіптік оқытудың құнын жыл сайын белгілеу;

3) халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларын іске асыру тетіктерін жақсарту бойынша, сондай-ақ халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларын іске асыруды тексеру нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою бойынша ұсыныстар әзірлеу;

4) халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларын іске асыруға бөлінген бюджет қаражатын тиімді пайдалану бойынша ұсыныстар әзірлеу;

5) шартты ақшалай көмектің біржолғы төлемін беру туралы мәселелерді қарау;

6) мүгедектігі бар адамдар үшін үкіметтік емес ұйымдар құратын әлеуметтік жұмыс орындарының жалақысын субсидиялау мөлшерін белгілеу.

3-тарау. Өңірлік комиссияның құқықтары

6. Өңірлік комиссия:

1) Қызылорда облысының аумағында орналасқан мүдделі мемлекеттік органдармен және басқа да ұйымдармен халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларын іске асыру және әлеуметтік көмек мәселелері бойынша өзара әрекет етеді;

2) Қызылорда облысының мүдделі мемлекеттік органдарының және басқа да ұйымдардың өкілдері өз құзыреті шегінде халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларын іске асыру және әлеуметтік көмек мәселелері бойынша отырыстарға шақырады және тыңдайды;

3) Өңірлік комиссияның құзыретіне кіретін мәселелерді шешуде Қызылорда облысының аумағында орналасқан мүдделі мемлекеттік органдардың мамандары мен консультанттарды (сарапшыларын) қорытынды беру үшін тартады;

4) Қызылорда облысының аумағында орналасқан мемлекеттік органдардан және басқа да ұйымдардан және жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысушылардан оның функцияларын іске асыру үшін қажетті материалдар мен мәліметтерді сұратады және алады.

4-тарау. Өңірлік комиссияның қызметін ұйымдастыру

7. Өңірлік комиссияның құрамы Қызылорда облысының жергілікті өкілді және атқарушы органдарының, Қызылорда облысының кәсіподақтар аумақтық бірлестігінің және Қызылорда облысының өңірлік кәсіпкерлер палатасының, өзге де мүдделі мемлекеттік органдардың және басқа да ұйымдардың өкілдерінен қалыптастырылады.

8. Өңірлік комиссияның құрамына кемінде бес, бірақ жеті адамнан аспайтын адам кіреді.

Өңірлік комиссия мүшелерінің жалпы санынан төраға сайланады, ол оның отырыстарына төрағалық етеді.

Өңірлік комиссия төрағасы Өңірлік комиссияның бірінші отырысында оның мүшелері арасынан ашық дауыс беру арқылы көпшілік дауыспен сайланады.

9. Отырыстардың материалдары мен құжаттарын дайындауды хатшы жүзеге асырады, ол Өңірлік комиссияның мүшесі болып табылмайды.

Өңірлік комиссия хатшысы төрағаның келісімі бойынша Өңірлік комиссия отырысын ұйымдастыруды жүзеге асырады, отырыстың өткізілетін орнын, күнін және уақытын айқындайды, Өңірлік комиссия мүшелеріне алдағы отырыс туралы хабарлайды, Өңірлік комиссия мүшелеріне отырысты өткізу үшін қажетті материалдарды ұсынады.

Өңірлік комиссия құрамы жыл сайын қайта бекітіледі.

10. Отырыстардың күн тәртібін, сондай-ақ өтетін орны мен уақытын Өңірлік комиссияның төрағасы айқындайды.

11. Өңірлік комиссия отырыстарының материалдары мен құжаттарын төрағамен келіскеннен кейін хатшы отырысқа дейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей Өңірлік комиссияның әрбір мүшесінің электрондық поштасына жібереді.

12. Отырысты өткізу күнін Өңірлік комиссия төрағасы айқындайды, ол туралы аудандық (қалалық) комиссия мүшелерін хатшы хабардар етеді.

Өңірлік комиссияның отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі және Өңірлік комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан болса, заңды деп есептеледі.

13. Өңірлік комиссияның шешімдері ашық дауыспен бір жұмыс күні ішінде кешіктірмей қабылданады және егер ол үшін Өңірлік комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілігі дауыс берген болса, қабылданды деп есептеледі. Дауыстар тең болған жағдайда, төраға дауыс берген шешім қабылданды деп есептеледі. Өңірлік комиссия мүшелерінің ерекше пікірге құқығы бар, ол білдірілген жағдайда, жазбаша (ерікті) түрде баяндалуға және хаттамаға қосылуға тиіс.

Өңірлік комиссияның шешімдері хаттамамен ресімделеді, оған төраға мен хатшысы қол қояды және оларды қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде өңірдің еңбек мобильдігі орталығына жіберіледі.